

егемен

Азатстан



Жекен ағаның арманы

Журналист, жазушы Жекен Жұмаханов ұзақ жылдар «Социалистік Қазақстанда» қызмет істеген. Газет қызметкерлері үшін кезекшілік өте жауапты жұмыс. Әр беттің әріп қатесін түзейтін корректоры бар. Оның сыртында әбден тазарған бетті сүзіп оқып шығатын тың көз корректор, кіші және үлкен кезекші болады. Сонымен бірге нөмірді редактораттың әр мүшесі күн сайын кезегімен қадағалап отырады. Сөйтсе де қатенің аты — қате. Қанша адам оқыса да ұстатпай кетіп қалады-ау. Міне, бірде газетте осындай өрескел қате кетіп қалып, редакциялық алқаның мәжілісі өтіп жатқан айғай-шу кезінде Жекен аға:

— Шіркін, қате көргіш, сезімтал кішкентай ғана ақ тышқаным болса, — депті армандап. — Кезекшілік күні қалтама салып апарып, беттің үстіне жібере салар едім. Шыркөбелек айналып жүріп «корректор» тышқаным қате кетіп бара жатқан жерді иіскелеп тұрып әр қатені шетінен көрсетіп беріп отырса...

Хрущевтің он жеті жолы

Никита Сергеевичтің дүрілдеп тұрған кезі. Жағы талмастан күн сайын баяндама жасап, күн сайын ұзақ сонар сөз сөйлейді. Ал ол сөздер көбіне газеттің көлдей-көлдей екі-үш бетіне сыймай, соңғы бетіне дейін ауысатынын қайтесің. Бәрін де ешқандай қысқартпастан «Социалистік Қазақстанда» қалайда басу керек. Әрине, Хрущевтің сөзі дайын болса бір жөн. Орысшадан аударылады, оның үстіне Құрекеннің қызбалықпен алдын-ала қағазда дайындалған сөздерден ауытқып кеткен тұстарына қосымша түзетулер ішектей созылып, түн бойына түседі. Тіпті уақытында шығарып үлгермеген газеттің бір нөмірі бір нөміріне ұласып, редакция кезекшілері мен корректорлар, жұмысшылар үйлеріне қайтпастан баспаханада екі-үш сағат мызғып, қайтадан іске кіріседі екен. Осындай әбден титықтаған бір күні Хрущевтің үш бетке сірескен сөзінен небәрі он жеті жол сыймай, секретариаттың нөмір жүргізушісі Саматай Кәрібаевты қатты қинайды. Он жеті жолды шолтытып соңғы бетке ауыстырудың еш мәні жоқ. Ол үшін бүкіл бетті бұзып, кемінде екі-үш бағана босату керек. Айтуға оңай көрінгенімен, бұл дегенің беймезгіл түн ортасында әжептәуір шаруа. Оның үстіне бет-теушілер мен әріп терушілер, кезекшілер мен корректорлар мүлдем қалжырап, шаршап, жүйкелері тозған. Осыны ойлаған Саматай басын тәуекелге тігіп, жан баласына білдірместен «артық жолдар екен» деп он жеті жолды қысқартып жібереді.

Қысқартуын қысқартса да Саматай мазасызданып жүреді. Үлкен қылмыс жасағанын іші құрғыр сезеді. Әйтеуір қуаныштысы, күн артынан күн өтіп жатады. Құдай сақтап, үлкен үйдегілер де, редактор да байқамайды. Өстіп жүргенде Хрущев те тақтан ұшады. Бір күні көңілі хош газет редакторы Кеңесбек Үсебаев кабинетінің алдында кездесіп қалған Саматайды арқасынан қағып, бөлмесіне бірге алып кіреді:

— Иә, Саматай, халың қалай? Шаршап жүрген жоқсың ба? Секретариаттың жұмысын түсінемін ғой, — дейді қамқор пейілмен.

— Хәлім қайдан жаман болсын, Кең-аға. Ешкімге сездірмей Хрущевтің сөзінен де он жеті жолды қысқартып жібердік қой, — дейді жымымдап.

Сонда қаннен-қаперсіз отырған Үсебаев орнынан айғайлап ұшып түрегеліпті.

— Апыр-ай, Саматай! Сен бәрімізді құртайын деген екенсің! Апырай-апырай... Қалай ғана қолың барды.

— Ой, Кең-аға, несіне қорқасыз. Хрущевтің орнынан түскеніне де алты ай болған жоқ па? — дейді Саматай одан сайын мез болып. — Осыңызды біліп, күні бүгінге дейін айтпай келдім емес пе.

— Иә... иә... Құрекен жарықтық бәрімізді де діңкелетті ғой, — депті әбден зәрезел болып қалған редактор қапелімде биліктен тайған «көсемге» бола байбаламдағанына ыңғайсызданып.

Несіне бас қатырамыз

Ақын, әрі сыншы Аян Нысаналы кейінгі кездері кейбір журналистік туындыларына фамилиясын алып тастап, құр «Аян» деп қана қол қойып жүр. Оның тура осындай «подписьпен» тағы бір мақаласы «Егеменді Қазақстанның» әдебиет пен өнерге арналған «Жансарай» деген бетінде шығып бара жатады. Кешке жақын газеттің келесі санының беттерін көріп отырған бас редактор Шерхан Мұртаза мақаланың соңындағы жалғыз есімнің тұсына баттатып үлкен сұрақ белгісін қояды да:

— Аты-жөнін тұтас жазу керек. Әйтпесе псевдонимін қойған жөн, — дейді.

— Шер-аға, соңғы уақытта осылай жазып жүр ғой өзі, — дейді секретариаттың кезекші жігіті.

— Кім? Аян мырза ма?

— Иә, өзіне ұнайтын болуы керек, — дейді кезекші.

Сонда Шерағаң әлгіндегі сұрақ белгісінің белінен айқастыра сызып:

— Жарайды, ендеше. Кете берсін, өз әкесі өзіне қажет болмаса, біз несіне басымызды қатырамыз, — деген екен.

«Аяғымен» жазатын журналист


Аса қабілетті журналистердің көсіліп жазуына кең тыныс ашқан бас редактор Шерхан Мұртаза «СҚ-

ның» сірескен сеңін сөгіп, кейбір жігіттердің екі материалын бір нөмірге қатар жариялай бастады.

«...Жақсы дүние ме, шықсын! Несіне сүрлейміз. Нөмірде оқылмайтын бірде-бір мақала болмауы тиіс. Ең ақыры хабарға дейін тақырыбы жұтынып елең еткізуі керек. Азусыз, әлжуаз шимай-шатпақпен бетті текке тығындаудың қажеті шамалы. Оқырманнан ұят!..»

Бұл — бас редактордың талабы. Қанаттанған журналистер бұрқыратып жарыса жазды. Додада шаң қауып жататындар да ұшырасады емес пе. Ал, Қайнар Олжай секілді «ақ мылтық» жазғыштар күн сайын екі-үш материалымен жарқырап көрінген. Балұанға оң-солы бірдей, демекші очерктің де, сапарнаманың да, репортаждың да, хабардың да авторы — Қайнар Олжай. Қызғаныштан ба, жоқ әлде тосындау көріңді ме екен, кезекті лездемеде қаламдас әріптестердің бірі:

Жанат ЕЛШІБЕК



Газеттің өзі бір күндік, ал сөзі мың күндік. Журналист ағайындар ортасында әрдайым үкіленіп айтылатын осынау орамның астарында қилы-қилы жәйттер бар. Көп ретте қаламгерлердің жүрек домнасынан сүзгілі шығқан үлкенді-кішілі материалдар зерделі оқырмандар жадында ұзақ жаңғырып жүреді. Ал редакция ұжымының ішкі «құжиясы» өзгелерге беймәлім күйінде. Ұдайы қалам тербеп жүрген олардың табан астында айтқан астарлы әзілдері, қуақы қалжыңдары, мірдің оғындай өткір де жатылматар сөздері қалың жұртшылыққа белгісіздеу болатыны да рас. Сондықтан біз бүгінгі арнаулы нөмірде газет қызметкерлерінің әр жылдары, әр жағдайда айтқан өзгерттар ой ұшқындарын оқырмандар назарына ұсынғанды жөн көрдік.

Қойын дәптерден

— Бәрі жақсы ғой... Дегенмен нөмір құрғатпай бір адамның екі дүниесінің қатар шығуы ыңғайсыздау, — деп тұмсық астынан миңгірлеген.

— Бұл пікірің қате. Жазғанның несі айып?! Әрине, мақаланың дәмді болғаны жөн. Ал, Қайнар Олжайдың екі қолын байлап қойсаң, ол екі аяғымен жазады. Демек, бізге осындай журналистер жетіспейді, — деген еді сонда Шерағаң өз ойын шегелеп.

«Мисыз сылқыммен бірдей»

Қай басылымда болсын лездемеде сын садағына секретариат бірінші ілінеді. Әрине, біліп айтылған орынды ескертпеге қарсы уәж жоқ. Сөйтсе де «тисе — терекке, тимесе — бұтаққа», демекші жүйке жонар жосықсыз, желге ұшқан «жебелер» ауа қармап жатады. Осындай бір лездемеде газетке қызметке жаңа келген, ақындығы әжептәуір, бірақ макеттен мақұрым Керім Елемес өзінен бұрын сөйлеген жігіттердің ойларын одан бетер ушықтырып «Егемен Қазақстанды» мүлдем іске алғысыз еткені бар: «Сын жоқ, проблема жоқ, өлең жоқ, макет жоқ...»

Аяқ астынан «айды аспаннан бір-ақ шығарған» Елемес бәрімізді де есеңгіретіп тастағандай. Бұрқ-сарқ қайнаған бас редакторымыз Нұрлан Оразалин үйреншікті әдетінше секретариатқа шүйлікті:

— Ана материалды да, мына мақаланы да әдемілеп көркемдеп беру керек еді...

Осы мезет шыдамы әбден таусылған жауапты хатшының орынбасары, макеттің майын ішкен Марат Аққұл ұшып түрегеліп:

— «Жуас түйе жүндеуге жақсы» десек те, сын оғының да тиетін нысанасы болғаны жөн. Алтынмен аптап, күміспен күптеп қойсаңыз да нашар материалдың аты — нашар. Бөлімдерден өткір сын, азулы мақала талап етпей, секретариатты орынысз тұқыртасыз. Ішінде түйір дөні жоқ мақала, аузы-басын алтынмен орап қойған мисыз сылқыммен бірдей емес пе? — депті.

Соны да білмейсіз бе?

«Егеменді Қазақстан» газетінің суретшісі Жанұзақ Әбдіқұл кітап жинаумен әуестенеді. Айына екі-үш мәрте Алматыдағы кітап дүкендерін сүзіп шықпаса көңілі жай таппайтын Жәкең туралы замандастары: «Біздің Жанұзақ кітаптың ішін емес, аттарын оқу үшін жинайды», — деп әзілдейді.

Сол Жанұзақ бірде редакцияға реңкіп келіпті: — Кітап сөрелерінде өңкей бір өтпейтін кітаптар шаң басып сіресіп тұр. Бәрін де шетінен әп-әдемі қатты мұқабамен, әрі жылтыратып шығаратынын қайтерсің.

Сонда тілінің уыты бар, жатыпатар редакция қызметкері Әбді-Әзиз Алдабергенов:

— Әй, Жәке-ай, соны да білмейсіз бе? Баспалар өтпейтін кітаптарын қоймада шіріп кетпей, ұзақ сақталуы үшін өзіңіз айтқандай қатырмалап, шүберекпен тыстап, пленкамен жылтыратып шығарады ғой, — депті.

Куәлік пен мандат

Газетте үзілсіз қызмет істеген отыз екі жылдың («Ленжаста» он жыл, қалғаны сүйікті «Егеменімде») бедерінде үш жүзге жуық журналиспен қатар жүріп қалам тербеу пешенемізге жазылыпты. Үлкен-кішісі бар, замандастарымыз бар дегендей, әрқайсысының шабысы да, жүрісі де бөлек-бөлек. Солардың арасындағы хас таланттар мен құлагерлерді жүрек сүзгісінен өткізіп, көңіл таразысына тартқанда екі қолыңның саусақтарын әрең толтырасың-ау. Сол санаулылар санатында журналист Нури Мұфтах бар. Оның аты-жөнінің алдына ешқандай теңеуді, ешқандай анықтауышты жапсырудың қажеті жоқ. Онсыз да әйгілі.

Үлкен ұяда бірге жұмыс істегенде көзім анық жеткен. Заң, құқық тақырыбын шекілдеуікше шағады. Екі тілде бірдей қалам сілтейді. Фельетоны қандай?! Демократия лебі ескен жылдары жер-жерден қалың оқырман қолқа салғаны әлі есте:

— Жоғарғы Кеңеске депутаттыққа біздің округтен түсіңіз.

Журналист үшін бұдан артық құрмет бола ма?! Әр нәрсеге байыппен жанар жүгіртіп, зейінмен зерделейтін Нури Мұфтах:

— Көп ойландым. Бірақ журналистік куәлігімді депутаттық мандатқа айырбастамаймын, — деген-ді.

Қай жағдайда да қаламын найзадай көретін ол биылғы Парламент сайлауы кезінде де көп ұсынысты қабылдамапты. Баяғы темірқазық мақсатынан айнымаған.

Журналистік куәлікке адалдық деп осыны айтса керек.

Басым айналады

Өзіміздің Сәкең «полтара қазақ» («Егемен Қазақстанның» Талдықорған облысы бойынша меншікті тілшісі Сейдахмет Мұхаметшин) редакцияға келген бір сапарында дәлзде бір топ журналист әріптестерімен әңгімелесіп тұрады. Олардың арасында Сейдахметтен бойы әлдеқайда аласа журналист Тәжібай Битай да бар екен. Әлсін-әлсін жалтақтап, жоғары қарай берген ол:

— Мына Мұхаметшиннің бетіне қараған сайын менің мойным ауырып, басым айналады, — депті.

«Темекі тартпай, арақ ішпегеннің зияны»

Қара шаңырақ «Егемен Қазақстанның» ұлы көшке қосылып ел ордасы Астанаға бет түзер ақпанның абыр-сабыр күндерінің бірі. Үлкен қуанышқа бөленген жігіттер буынып-түйініп дүние-мүлкін, жиһаздарын асығыс жөнелткен. Қызметтес әріптестерінен сұраған суретші Айдарбек Ғазизұлы жүктерін редакцияның КамАЗ-ымен жіберуді жөн көреді. Зілбатпан отыз-қырық қағаз қораптарды мықшындап тией бастаған жігіттер өлден кейін жарыса:

— Пәтерден пәтерге көшіп жүргенде дүние алмай, тек кітап жинай бергенсің бе? — дейді.

Сонда ыңғайсыздана жымғған Айдарбек:

— Немене, шаршап қалдыңыздар ма? Кешірсіздер, бәрі сол темекі тартпай, арақ ішпегеннің «зияны» ғой, — деген екен.

Демалып-демалып оқитын сөйлем

Әдеттегідей ертеңгілік газеттің келесі күнгі санын жоспарлау үстінде бас редактор Ержұман Смайыл қаламы жүйрік журналист қызымыз Қарашаштың соңғы кезде жарияланған туындылары теңірегінде ой бөліскен:

— Басқаларға қарағанда мақалаларының тақырыбын ойнатып қоясың. Оның ұнайды. Бізге керекі де осы. Дегенмен, сөйлемдерінді ауырлау құрасың. Өзіндік стилің, қолтаңбаң шығар. Сөйтсе де Бекболат туралы жазған мына материалыңның алғашқы жолдарын оқып көрші. Алпыс бір сөзден тұратын сөйлемнің соңына жеткенше демің таусылып, ішегің үзіледі. Айтшы, шынымен осыған өзіңнің тынысың жете ме?

— Жетеді, — деді Қарашаш бегелместен сенімді түрде. — Ал егер тынысы тарылғандар болса, демалып-демалып оқиды ғой. Әйтпесе, үш жеріне нүкте қоя салу маған соншалықты қиын емес еді.

Әріптесіміздің бұл жауабына өріксіз жымындасқанбыз.